



«ЖҰМЫЛА
ҚӨТЕРГЕН
ЖҮК
ЖЕҢІЛ»

2-бет



АЖАЛҒА
АСЫФУ:
АУРУ МА,
ТАНДАУ МА?

4-бет

ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazel@mail.ru



№45 (3576) 20 маусым 2023

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚҰРЫЛТАЙ - ТҮРКІСТАН ТӨРІНДЕ



Осыдан бір жыл бұрын Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысы ұлт ұясы – Ұлытауда өткен еді. Игі үрдіс биыл жалғасын тауып, маңызды жынын Түркістан төрінде ұйымдастырылды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысқан басқосуда елдің рухын көтеретін, халықтың бірлігін нығайтатын, бір мақсатқа ұйыстыратын іргелі мәселелер талқыла салынды.

(Соңы 3-бетте)

**ҰТЫСТАН
ҚҰР
ҚАЛМАҢЫЗ!**

Біздің басылымдарға жазылып, ұтысты болыңыз!
Басты сыйлық – АЙФОН 14 ПРО
МАКС!

Бұдан бөлек: Айфонның құлакқабы, сағаты, 2 REDMI NOTE 11 Pro ойнатылады. Сондай-ақ, қысқатолқынды пеш, шансорыш, үтің секілдегі көптеген түрмистік техникалар бар. Бірқатар жүдегер «Зан» медиа-корпорациясының қолдауымен жарықта шыққан «ШыТЫРМАН» шығармалар жинағына ие болады.

**ҰТЫСҚА ҚАТЫСУ
ҰШІН НЕ КЕРЕК?**

Ол үшін пошта бөлімшесіне барып:

«Зан газетіне» (индекс – 65921); «Ориди-ческая газета» (индекс – 65928); «Зан» журнальына (индекс – 75849); (Фемида» журнальына (индекс – 75858) жыл соңына дейін жазылып, тубіртектің көшірмесін бізге жолдасаңыздар болғаны!

Екі басылымға жа-зылғандардың мүмкіндігі екі есе өседі!

ҰТЫС ИЕГЕРЛЕРІ
17 ШІЛДЕДЕ АНЫҚТАЛАДЫ.

Ал, іске сәт!



СӘТІ ТҮСКЕН СҮХБАТ

Қайрат ҚАҚПАНТАЕВ,
Абай облыстық сотының тәрағасы:

**«ХАЛЫҚА КЕРЕГІ -
АДАМИ
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС»**



– Президент Жарлығымен Абай облысының құрылғанына да жыл толды. Жаңа облыстық жұмысын жолға қою оқай шаруа емес. Оның ішінде облыстық соттың да аяғынан тік тұрып кетуі ұшін қыруа жұмыс атқарылған болар?

– Еліміз үшін Семейдің орны бөлек. Бұл өнірді Абайдың, Мұхтардың, Шәкәрімнің елі деп қадрлайді. Алаш арыстарының басын қосып, озық идеяларының отаны болған Семейдің облыс орталығына айналуы біз үшін үлкен қуаныш. 2022 жылғы 8 маусымдағы Президент Жарлығына сәйкес, бұрынның Семей облысы Шығыс Қазақстан облысынан бөлініп шығып, Абай облысы болып бекітілді. Жаңа облысты алағ жетелейтін жаңа құрам жасақталды.

Абай облыстық сотына тәраға болу – маған да үлкен жауаптылық артты.

(Соңы 5-бетте)

ЗАН ЖОБАСЫ

ҰЛТТЫҚ ҚОР ҰРПАҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

Ұлттық қордан көмелетке толмаган балалар үлес алмақ. Бұл қаржы олардың іншісіне қордың инвестициялық табысынан тиеді. Қор кірісінің осы 50 пайызы жыл сайын көмелет жасына толмаган балаларға теңдей бөлінеді. Қаржы тұрғын үй жағдайын жақсарту немесе тұрғын үй сатып алуға және білім алушылардың жол ашпақ. Қаржы әр бала 18 жасқа толғанда дейін аударылады, оны мерзімінен бұрын есепшоттан шығарып алуға болмайды. Тиісін-

ше, Қазақстан азаматтығынан шыққан кезде оны алу құқығы да жоғалады. Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында бірінші оқылымда мақұлданған «Қазақстан Республикасының кейір заңнамалық актілеріне ҚР Ұлттық қорынан балаларға төлем жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының басты жаңалығы осы. Жаңа құжатты алқалы жиында Мәжіліс депутаты Үнзила Шапак коргады.

Бірінші мақсатта қаржатек тек Қазақстан аумағында пайдалануға рұқсат етілсе, ал білім алу үшін ақша баланың ел ішіндегі оқу орындарымен қатар, шетелдік оқу орнына ақы ретінде төлеңү мүмкін. Осылайша ұлттық қордан бөлінетін үлес көмелетке жаңа толған қазақстандықтардың ересек өмірге қадам басқан кезінде бастапқы капиталы болуына жол ашпақ. Қаржы әр бала 18 жасқа толғанда дейін аударылады, оны мерзімінен бұрын есепшоттан шығарып алуға болмайды. Тиісін-

ше, Қазақстан азаматтығынан шыққан кезде оны алу құқығы да жоғалады. Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында бірінші оқылымда мақұлданған «Қазақстан Республикасының кейір заңнамалық актілеріне ҚР Ұлттық қорынан балаларға төлем жасау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының басты жаңалығы осы. Жаңа құжатты алқалы жиында Мәжіліс депутаты Үнзила Шапак коргады.

Елеуемтік жобаларды іске асыру бойынша көп жылдық тәжірибелін және мемлекеттік дереккорлармен жұмыс істеу мүмкіндігін ескере отырып, жоба операторы ретінде «Бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қоры» АҚ-ны белгілеу жоспарланып отыр. Бұл үйім ақпараттық жүйеде нысаналы қытисушилардың талабын есепке алу, нысаналы жинақтарды алушыларға жинақтау шотын ашу, шоттағы жинақтарды есепке алу, нысаналы жинақтарды

төлеу, Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінен дербес деректерді субъектілер келісімінсіз жинау және өндеу, БЖЗК интернет-ресурсы және электрондық үкімет веб-порталының жеке кабинеті арқылы нысаналы талаптар мен нысаналы жинақ сомасы туралы мәліметтерді ұсыну міндетін атқарады.

Құжат жобасын талқыла барысында де-путтаттар балаларға арналған қаражаттың ба-рынша мақсатқа сай пайдаланылуын көздел, біраз мәселені анықтауға тырысты. Ал бала туғаннан кейін атамыш қаражатты есептей және төлеу қалай жүзеге аспақ? Мамандар пікірінше Ұлттық банктің қарамағындағы Ұлттық қордан шығынан ақшага инвестициялық есептей жүргізіледі. Яғни, есепшоттар ашылғаннан кейін оған балаларға есептеген ақша келіп түседі. Ұлттық қорда сақталып тұратын бұл қаражат инвестициялық мақсатта жұмысалып жатады. Тұрғын үй жағдайын жақ-сарту – Отбасы банкі, ал білім алуша ақша азаматтың қалауы бойынша екінші деңгейлі банк арқылы жүзеге асады. Банктер одан еш пайда көрмейді. Олар ақшаны оку орнының есепшотына аударады.

(Соңы 8-бетте)

